

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ның
қызметкерлеріне 2-тоқсандағы түсіндіру шараларының хаттамасы**

Шымкент қаласы

18 маусым 2026 жыл

Өткізу уақыты: 15сағ.00мин.

Өткізу орны: №2 Облыстық перинаталдық орталығының мәжіліс залы.

Қатысқандар: Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ның басшысы Э.Кожаметованың төрағалығымен, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, сонымен қатар аға орта буын қызметтерінің қатысуымен ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы.

Сөз сөйледі:

1. Жиналыс төрайымы Э.Кожаметова күн тәртібінің **бірінші мәселе** бойынша жиналысты ашып, Өз сөзінде аталған Тұжырымдаманың басты мақсаты мемлекет пен қоғамның барлық салаларында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған тиімді жүйені қалыптастыру, азаматтардың мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарға деген сенімін нығайту, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтті.

Тұжырымдамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі басым бағыттары мыналар болып табылады:

- сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын жою;
- мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ашықтығы мен есептілігін арттыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қоғамда адалдық қағидаттарын орнықтыру;
- азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру арқылы адам факторын төмендету;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және этикалық нормаларды сақтау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізу және олардың алдын алу шараларын жетілдіру.

Баяндамашы денсаулық сақтау ұйымдары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Атап айтқанда, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, пациенттердің құқықтарын сақтау, кадрлық және қаржылық шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңдылығын сақтау және қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидаттарын ұстануы ұйым қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып табылатыны айтылды.

Сонымен қатар, Тұжырымдамада профилактикалық жұмыстарды күшейтуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруға, ішкі бақылау тетіктерін дамытуға және комплаенс-қызметтердің рөлін арттыруға ерекше назар аударылғаны түсіндірілді.

Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау, қызметтік өкілеттіктерді жеке мүдде үшін пайдаланбау, сыйлықтар мен заңсыз сыйақыларды қабылдамау, мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда оны уақтылы хабарлау қажеттілігі ескертілді.

Баяндаманың қорытындысында барлық қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жеке жауапкершілікпен қарауы, заңдылық, адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын қатаң сақтауы ұйым қызметінің тиімділігі мен қоғам сенімін арттырудың маңызды шарты екендігі атап өтілді.

2. Күн тәртібінің екінші мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің және квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің қызметтік әдеп қағидаттарын сақтау мәселелеріне тоқталды. Баяндамашы өз сөзінде аталған Жарлықтың негізгі мақсаты мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, қоғам тарапынан сенімді нығайту, қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру және мемлекеттік қызметтің беделін көтеру болып табылатынын атап өтті.

Жарлық талаптарына сәйкес қызметтік міндеттерді орындау барысында қызметкерлер:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын қатаң сақтауға;
- азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге;
- қызметтік өкілеттіктерін адал, әділ және бейтарап жүзеге асыруға;
- жеке мүдделердің қызметтік міндеттерге ықпал етуіне жол бермеуге;
- қызметтік өкілеттіктерді жеке пайда табу мақсатында пайдаланбауға;
- ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға;
- әріптестермен, пациенттермен және олардың туыстарымен сыпайы, әдепті және құрметпен қарым-қатынас жасауға;
- қызметтік тәртіпті сақтауға және ұйымның іскерлік беделін нығайтуға міндетті екендігі түсіндірілді.

Баяндамашы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері үшін әдеп қағидаттарын сақтау ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Себебі медициналық көмек көрсету барысында медицина қызметкерлері азаматтармен тікелей байланыста болып, олардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады. Осыған

